



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№16 (1974) 12 МАМЫР 2025 ЖЫЛ

ҚазҰУ-да Қытай университеттерінің II көрмесі өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қытайда білім алу және қытай тілі емтиханы (HSK)» тақырыбындағы II Қытай университеттерінің көрмесі өтті. Ауқымды іс-шараны Халықаралық қытай тілі тест орталығы мен ҚазҰУ бірлесіп ұйымдастырды.



мамандарды жұмысқа шақырды.

Көрменің ашылу салтанатына ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, Алматыдағы ҚХР Бас консулдығының білім жөніндегі

консулы Хуан Сяоминь, Қытай тілін тестілеу орталығы директорының орынбасары Лю Сяо Лонг, Қытай университеттерінің өкілдері, оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Шарада ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, бүгінгі іс-шараның маңыздылығына тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Қытай – біз үшін тату көрші ғана емес, жақын досымыз әрі сенімді серіктесіміз. Бүгінде берік достыққа негізделген қазақ-қытай қарым-қатынасы бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып келе жатыр», – деп атап өткен болатын.

Жалғасы 2-бетте



Түркі әлемі географтары бас қосты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде түркі әлемі географтарының II халықаралық конгресі өтті. Екі күнге жалғасқан ауқымды іс-шарада қатысушылар жаһандық экологиялық мәселелерді талқылап, шешу жолдарын қарастырды.

Конгреске Түркия, Қырғызстан, Әзірбайжан, Түрікменстан және Өзбекстаннан келген 200-ден астам ғалым мен сарапшы-экологтар, белгілі географтар, оқытушылар мен жас зерттеушілер қатысты.

Жиында ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев табиғи ресурстарды сақтауда балама энергия көздерін пайдалануға ерекше мән берілуі қажет екенін атап өтті. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазіргі жағдайда экология және климаттың өзгеруімен күрес саласындағы ынтымақтастықтың өзектілігі арта түсті. Климаттың сын-қатерлерін жалғыз еңсеру мүмкін емес», – деп атап

өткен болатын. Климаттың өзгеруі, урбанизация, шөлейттену, экожүйенің тұрақсыздығы сияқты мәселелер – бәрімізге ортақ проблема. География ғылымы осы мәселелерді жан-жақты талдауға мүмкіндік береді», – деді ректор.

Түркі әлемі географтарының II халықаралық конгресі барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Бұхара мемлекеттік педагогикалық институтының ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Келісім аясында қос тарап әлеуметтік, гуманитарлық және жаратылыстану саласы бойынша ортақ жобаларды жүзеге асырады.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ

Туризмді цифрландыру – маңызды мәселе

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақстандағы цифрлық туризм – 2025» тақырыбындағы халықаралық форум өтті.

Қатысушылар отандық туризм секторын цифрлық трансформациялау, сондай-ақ осы саладағы мемлекет пен бизнестің рөлін арттыру және туристік қызметтерді жетілдіру бойынша

ұсыныстарын айтып, ойларымен бөлісті. Сонымен қатар туризм саласын одан әрі дамытуда жасанды интеллект пен Big Data-ны пайдалану мәселесі де талқыланды.

Ауқымды іс-шараны «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы, «Pana Asia» компаниялар тобы және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірлесіп ұйымдастырды.

Форум жұмысына ҚР туризм және спорт министрінің орынбасары Ержан Еркінбаев, Әл-Фара-

би атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев, «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Даниел Сержанұлы, «Pana Asia» компаниялар тобының бас директоры Сәуле Жаңабаева, компания мен холдинг басшылары, Ресей, Өзбекстан және өзге де мемлекеттерден келген сарапшылар қатысты. Жиынды ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев ашты.

Жалғасы 2-бетте



3-бет

Академиктің
заманауи
робототехника
ғылымына қосқан үлесі



4-бет

Экономиканы
дамытуға ықпал
ететін зертхана



5-бет

Ғалым-
ұстаз
ұлағаты



Соңы. Басы 1-бетте

Бүгінде ҚазҰУ-да 1440 қытайлық студент білім алады. Сондай-ақ Қытайдың 65 жоғары оқу орнымен әріптестік байланыс орнатылып, ортақ жобалар жүзеге асырылуда. Соңғы екі жылда қытайлық әріптестермен бірлесіп 15-ке жуық ғылыми орталықтар мен зертханалар ашылды. Бүгінгі көрме ҚазҰУ мен Қытай университеттері арасындағы ынтымақтастықты нығайтудың көрінісі», – деді ректор.

Өз кезегінде Алматыдағы ҚХР Бас консулдығының білім жөніндегі консулы Хуан Сюминь технологияны игеру және қытай тілін жетік меңгеру үшін қазақ студенттерін Қытайда білім алуға шақырды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Бейжің шет тілдер университетінің президенті Цзя Вэньцзян бастаған делегациямен кездесу өткізді.

«ҚазҰУ Қытай ЖОО-ларымен тығыз жұмыс істейді. Бізде қытай тілін білетін білікті мамандар жетерлік. Осы тұрғыда қытай тілін оқыту бойынша жұмыстарды бірлесіп дамыта аламыз. Сондай-ақ ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асыру қажет. Бейжің шет тілдер университетінің ғалымдарын ҚазҰУ-дың жас зерттеушілеріне жетекшілік етуге шақырамыз», – деді ректор.

Өз кезегінде Бейжің шет

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев Саравах Малайзия университетінің вице-канцлері, ректор Ахмад Хата Расит бастаған делегацияны қабылдады.

«Қазіргі таңда білім ордасы Малайзияның сегіз жоғары оқу орнымен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Бүгінгі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға жұмыс сапарыңыз екіжақты серіктестікті арттыруға тың серпін береді деп санаймын. Біз Саравах Малайзия университетімен әріптестік байланысты нығайтуға дайынбыз», – деді ректор.

Өз кезегінде Ахмад Хата Расит ілтипат білдіргені үшін

ҚазҰУ-да Қытай университеттерінің II көрмесі өтті



Ортақ ғылыми жобалар іске асады



тілдер университетінің президенті Цзя Вэньцзян кездесуде айтылған барлық бастамалар

мен жобаларды қолдайтынын айтып, бірқатар ұсыныс-пікірін ортаға салды.

Серіктестікті арттыруға тың серпін



оқу ордасының басшылығына ризашылығын жеткізіп, өзара

серіктестіктің жемісті боларына сенім білдірді.

Тың бастамалардың үйлестірушісі

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Ұлттық тарихты сақтау мен зерттеудегі фотосуреттің рөлі» тақырыбындағы дөңгелек үстел отырысына қатысты.

Орталық мемлекеттік кино-фотокүжаттар және дыбыс жазбалар архивінде өткен іс-

шара Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанай Омаровтың 70 жылдығына арналды.

Шарада ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, мерейтой иегерін мерейлі жасымен құттықтады. «Жанай Сейітжанұлы – елдің дамуына сүбелі үлес қосқан көрнекті қаламгер-публицист әрі тәжірибелі медиаменеджер. Республикамыздың басқарушы орындарында, беделді ақпарат құралдарында жауапты мін-

деттерді іске асырып, жоғары біліктілікті көрсетті. Қоғам игілігіне бағытталған бастамаларды үйлестіріп, межелі белестерді бағындырды. Жанай Омаровтың ел дамуына қосқан үлесі, мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі ерен еңбегі әрдайым жоғары бағаланады», – деді ректор.

Жиын барысында Жанай Омаровтың «Қазақ әдебиеті: фотожеңіре (екінші бөлім) 1980-2020 жылдар» атты фото-



Туризмді цифрландыру – маңызды мәселе

Соңы. Басы 1-бетте

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында: «Алдымызда Қазақстанды әлем өркениетінің дербес бөлігі ретінде таныту мақсаты тұр. Туристерге әлемдік стандарттарға сай қызмет көрсетілуі керек», – деп атап өткен болатын. Бүкіл әлемде виртуалды турлар, мобильді қосымшалар, цифрлық навигаторлар белсенді қолданылуда. Бұл өз кезегінде мемлекеттің көрікті жерлерін көрсетіп қана қоймай, тарихы мен

мәдениеті туралы толық ақпарат алуға жәрдемдеседі. Осы тұрғыда ҚазҰУ ғалымдары туристерге қажетті «Tourismkaz» мобильді қосымшасын әзірлеп шығарды. Қолданушылар ұялы телефонды пайдалана отырып, 3D турлар арқылы Қазақстанның әсем жерлерін көріп, өзіне қажетті қызметті ала алады», – деді ректор.

Шара соңында отандық туризмді дамытуға бағытталған және перспективалы цифрлық шешімдерді ұсынған стартап жобалардың иегерлері марапатталды.



Коммерцияландыру жұмысы жанданады

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да университет басшысы Жансейіт Түймебаев пен Tus-Holdings Co. компаниясының вице-президенті Фрэнсис Чанг кездесіп, екіжақты серіктестік туралы меморандумға қол қойды.

Келісім аясында тараптар болашақта ғылыми инфрақұрылымды дамыту бойынша бірлесіп жұмыс істейді. Яғни технология және инновация саласында ортақ жобаларды жүзеге асырып, коммерцияландыру жұмысын жандандырады. Аталған жұмыстарды іске асыруда және инновациялық

жобаларды нарыққа шығаруда тараптар бірге екі мемлекеттегі компанияларды жұмылдырады.

«Меморандум аясында бізге арнайы жол картасын әзірлеу қажет. Бұл алдағы уақытта бірлесіп атқаратын жобалар мен бастамаларды айқындайды. Бұдан бөлек, ҚазҰУ базасында Tus-Holdings Co. компаниясының орталығын ашуды ұсынамын. Бұл өз кезегінде холдингтің Қазақстандағы филиалы болады. Осы бөлімше арқылы Қазақстандағы және жақын елдердегі жұмыстарды жүргізуге мол мүмкіндік туады», – деді ректор.



альбомының таныстырылымы өтті. Сондай-ақ ертедегі қазақ халқының және 1990 жылдар-

дағы қазақ әдебиетінің тарихына арналған фотокөрме ұйымдастырылды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ

Жұмаділ Байғұншекөв – техника ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі. Қазіргі таңда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Робототехника және мехатроника» ғылыми білім беру орталығының директоры. Халықаралық және Ресей инженерлер одағының В.Г.Шухов атындағы Алтын медалімен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, «Парасат» орденімен марапатталған.



«Ai-Gerim» роботының 21 еркіндік дәрежесі бар. Оның басы мен тұлғасы параллель манипуляторлар – триподтар арқылы қозғалысқа келеді. Бұл табиғи адам тәрізді қозғалыстар мен тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Әлеуметтік «Ai-Gerim» гуманоид роботын физикалық мүмкіндігі шектеулі жандарды (ФМШЖ) жұмыспен қамтуға жағдай жасауға пайдалануға болады. Бұл жағдайда ФМШЖ үйде отырып Wi-Fi байланысы арқылы «Ai-Gerim» роботын қашықтықтан басқарады. Ал «Ai-Gerim» роботы музейлерде, супермаркеттерде және басқа да қоғамдық

– Мен 1974-77 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінде аспирантурада оқып, сол кездегі университет ректоры, академик Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің ғылыми жетекшілігімен «Механизмдер және машиналар теориясы» мамандығы бойынша 1977 жылы кандидаттық диссертация, ал 1985 жылы докторлық диссертация қорғадым. Кандидаттық диссертациям жоғарғы класты механизмдердің аналитикалық кинематикасына арналса, докторлық диссертациям осы жоғарғы класты механизмдердің синтезі және олардың негізінде жаңа манипуляторларды жасауға арналған, – дейді Жұмаділ Жаңабайұлы. – Механизмдер және машиналар теориясы – қазіргі Индустрия 4.0 концепциясының алдыңғы қатарлы салаларының бірі – робототехниканың негізгі бөлімі. Себебі робототехника механиканың (машиналар механикасының), электрониканың және ақпараттық жүйелердің негізгі принциптерінің басын біріктіретін мехатроника ғылыми саласына жатады. Осындай заманауи робототехника және мехатроника ғылымдарының дамуына сәйкес, біздің Фараби университетінде «Робототехника және мехатроника RoboMech» ғылыми білім беру орталығы құрылып, 2017 жылдың қараша айынан бастап жұмыс істейді. Орталық университетімізде «Робототехникалық жүйелер» мамандығының ашылуына үлес қосып, робототехника және мехатроника салаларында ғылыми зерттеулер жүргізуде. Ғылыми зерттеулер параллель роботтар, RoboMech класты параллель манипуляторлар, гуманоид және жүретін роботтар бағыттары бойынша жүргізілуде.

Жұмаділ ағаның айтуынша, параллель роботтар тұйық кинематикалық тізбектерден тұрады. Сондықтан олардың қазір өндірісте қолданылып жүрген ашық кинематикалық тізбекті антропоморфты (қол тәрізді) роботтарға (мысалы, KUKA, PUMA роботтарына) қарағанда жүк көтергіштігі, позициялау дәлдігі және жылдамдығы жоғары. Орталықта үш тұйық кинематикалық тізбектен (немесе үш «аяқтан») құралған параллель роботтардың-триподтардың жаңа түрлері зерт-

телуде. Бұл триподтарды ауыр салмақты, позициялау дәлдігі жоғары қозғалыс симуляторлары, сынақ қондырғылары, медициналық протездер ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар орталықта парал-



лель DELTA – робот негізінде аддитивті құрылысқа қажетті теңгеруші қондырғы және қатты отынды зымыран қозғалтқышының күш векторын басқару триподы зерттелуде. – RoboMech класты параллель манипуляторларға роботтардың жұмыс істеу мүшелерінің берілген қозғалыстар жасайтын қасиетіне және механизмдердің жетекші буындарының қозғалыс заңдарының берілу қасиетіне иелі параллель манипуляторлар жатады. Сондықтан RoboMech класты параллель манипуляторлардың басқару жүйелері қарапайым, жылдамдықтары жоғары және оларды автоматты машиналарда қолдануға болады. Орталықта цилиндрлік координаталар жүйесінде жұмыс істейтін, екі жүгірткілі және екі жұмыс мүшелері бар RoboMech




класты параллель манипуляторлар жасалып, зерттелуде. Бұл параллель манипуляторларды суық штампау автоматты желісінде пайдалануға болады. Теориялық тұрғыдан қарайтын болсақ, академик Өмірбек Жолдасбеков ұстазымының осыдан жарты ғасыр бұрынғы жоғарғы класты механизмдерге арналған ғылыми

бағдарламасы қазіргі кезеңде жаңадан дамып келе жатқан параллель роботтар мен манипулятордың бағдарламаларына ұштасып жатыр, – дейді академик. – RoboMech орталығында отандық қашықтан басқарылатын әлеуметтік «Ai-Gerim» гуманоид роботы және алты аяқты жүретін робот (гексапод) әзірленіп, зерттелуде.

орындарда гид, кеңесші, са-тушы және т.б. функцияларды орындайды.

Бүгінде RoboMech орталығында ғылыми зерттеу жұмыстары және PhD докторларын даярлау халықаралық деңгейде жүргізілуде. Орталықтың Америка Құрама Штаттарының Лоуренс технологиялық университетімен (проф. Тарек Собх) және Бриджпорт университетімен (проф. Сарош Пател), Францияның Пуатье университетімен (проф. Мед Амин Лариби), Италияның Калабрия университетімен (проф. Джузеппе Карбоне), Қытайдың Шандон ғылым академиясымен (проф. Ли Циан) тығыз байланысы бар.

Жұмаділ Жаңабайұлы – механизмдер мен машиналар теориясы, мехатроника және робототехника саласындағы белгілі ғалым. Ол RoboMech класты параллель манипуляторлар саласында халықаралық деңгейде жаңа ғылыми бағдарлама қалыптастырды. Бұл оның заманауи робототехника ғылымына қосқан үлесі. Академик IFToMM-ның (Халықаралық машиналар және механизмдер теориясы федерациясының) «Робототехника және мехатроника» Техникалық комитетінің мүшесі. Дрезден техникалық университетінде (Дрезден қ., Германия, 1991 ж.), Мидлсекс университетінде (Лондон қ., Ұлыбритания, 1998-2000 жж.) Ноттингем техникалық университетінде (Ноттингем қ., Ұлыбритания, 2001 ж.) шақырылған профессор қызметін атқарды. 80-ге жуық дүниежүзілік және халықаралық конгрестерде, симпозиумдар мен конференцияларда ғылыми баяндамалар жасады. 400-ден астам ғылыми жұмыстардың, 80 авторлық куәлік пен патенттердің авторы. Оның жетекшілігімен 10 докторлық, 20 кандидаттық және 3 PhD диссертациялар қорғалды.



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдық мерейтойы аясында құрылған Цифрлық картография және қолданбалы геодезия зертханасының зерттеу объектісі ауқымды. Зертхана жетекшісі, PhD доктор, қауымдастырылған профессор, Картография және геоинформатика кафедрасының меңгерушісі Айжан Асылбекованың айтуынша, орталықты құрудағы негізгі мақсат – ел экономикасының аграрлық, құрылыс, тау-кен салаларының міндеттерін шешуге ғылыми тұрғыда университеттік үлес қосу. Осы мақсатты ойдағыдай орындау үшін Картография және геоинформатика кафедрасы ғалымдарының, яғни оқытушы-профессорлық құрам мен білім алушылардың көпжылғы еңбегін, тәжірибесін, жалпы алғанда, жинақталған ғылыми-зерттеу әлеуетін іске асыру көзделіп отыр.



кредиттелген зертхана ашуды көздейді. Өйткені жоба табысты болса, инновациялық нарыққа жол ашылады.

Екіншіден, зертхананы дамыту стратегиясы әлеуетті және болжалды тапсырыс берушілер арасында көрсетілетін қызметтерге қажеттіліктің мониторингі, икемді баға саясатының мүмкіндігі арқылы айқындалады.

Үшіншіден, қызметтер нарығындағы маркетингтік стратегия, ең алдымен, зертхананың теріс имиджін болдырмауға бағытталған. Қызмет түрлері

Экономиканы дамытуға ықпал ететін зертхана

Нақты айтқанда, зертхана қызметі мынадай бағыт бойынша алға қойған міндеттерді шешуге күш салады:

- инженерлік қызметтер;
- ғылыми-зерттеу жобаларына, грант жобалары мен ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру байқауларына қатысу;

- консалтингтік және білім беру қызметтерін көрсету.

Орталық жетекшісінің айтуынша, зертхана қызметінде аталған міндеттерді орындау үшін индикатор ретінде төмендегі бағдарламалар тірек болады:

- ҚР ауыл шаруашылығында ауылшаруашылық өнімдерін өндіру кезінде цифрлық ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасы;

- Геологиялық саланы дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы;

- «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық дамуының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

- ҚР «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық дамуының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Әрине, зертхана болған соң, оның аясындағы ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізу үшін қаржы көзі керек. Орталық жетекшісі Айжан Асылбекқызының айтуынша, зертхана қызметін қаржыландыру мынадай бағыт бойынша жүргізіледі:

- жеке фирмалар мен салалық ұйымдардың қолданбалы зерттеулері мен тапсырыстары;

- гранттық және бағдарла-



малық-нысаналы жобалар шеңберіндегі тапсырыстар; аккредиттелген зертхана шеңберінде ұйымдармен шарттық жұмыстар.

- Қызметті коммерцияландыру міндеттерін ескере отырып, біз сатудың маркетингтік стратегиясын әзірледік. Бұл стратегия көрсетілетін қызмет түрлерінің көлемі мен түрлерін ұлғайтуды діттейді. Ғылыми-қолданбалы зерттеулер мен шарттық жұмыстарға сұранысты арттыра отырып, аккредиттелген зертхана ашуды көздейді. Егер жоба нәтижесі

жақсы шығып, сәтті дамыған жағдайда инновациялық нарыққа шығуға болады, – дейді зертхана жетекшісі, Картография және геоинформатика кафедрасының меңгерушісі Айжан Асылбекова.

Бұған қоса, мамандар мынадай болжамды кіріс көздерін атайды:

- білім алушылар мен инженер-техник жұмысшыларға арналған білік арттыру курстары;
- гранттық жұмыстар негізіндегі қолданбалы зерттеулер;
- салалық жұмыстар шең-

беріндегі ғылыми-қолданбалы зерттеулер;

- аккредиттелген зертхана аясындағы шарттық жұмыстар.

МАРКЕТИНГ ЖӘНЕ САТУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Біріншіден, мақсатты нарықтағы маркетингтік стратегия көрсетілетін қызмет түрлерінің көлемі мен олардың түрлерін ұлғайтуға басымдық береді. Негізгі түпкі мақсат ғылыми-қолданбалы зерттеулер мен шарттық жұмыстарға сұранысты ұлғайту кезінде ак-

реттеліп, алға жылжыған сайын маркетингтік зерттеулерге сұраныс артуы мүмкін.

Төртіншіден, баға белгілеудің маркетингтік стратегиясы аналогы аз қолданбалы зерттеулер мен ғылыми-техникалық қызмет көрсетуді көздейді.

Бесіншіден, маркетингтік стратегияны талдау көрсетілетін қызметті белсенді етуді, тәуекелді есептеу мен болжауды, белгілі бір уақытта талап етілетін қызметтерге баса көңіл бөледі көздейді. Аталған шаруалардың барлығы сәтті жүзеге асып, жақсы нәтиже берсе, мұның өзі үлкен еңбек болмақ.

ЗЕРТХАНАНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ МЕН МІНДЕТІ

- Экономиканың агроөнеркәсіптік, құрылыс, мұнай-газ, тау-кен салаларына арналған қолданбалы жұмыстар, сондай-ақ ғылыми-қолданбалы зерттеулерді орындау;

- гранттық және мемлекеттік бюджеттік қаржыландыру шеңберінде қолданбалы жұмыстарды орындау;

- халықаралық жобалар шеңберінде қолданбалы жұмыс түрлерін орындау;
- ғылыми журналдарға мақалалар жариялау үшін ақпарат жинап, оны өңдеу.

Зертхана алдында тұрған міндет-мақсаттарды зертхана қызметкерлері, сонымен бірге қосымша тартылатын персонал жүзеге асырады деген жоспар бар.

ЖАБДЫҚТАУ ЖҰМЫСЫ ЖАЙЫНДА

Негізінен моноблоктар, көшірме жабдығы (МФУ), арнайы жабдықтар мен геодезиялық аспаптарды қамтиды. Сонымен бірге ұшу аппараты (квадрокоптер) DJI Mavic 3 Multispectral GNSS радиоқабылдағышы бар DJI D-RTK 2 High Precision GNSS жылжымалы станциясы, GNSS қабылдағышы және тағы басқа арнайы жабдықтар бар. Мұның бәрі зертхана аясындағы жобаларды орындауға жұмыс істейді.

Қорыта айтқанда, Цифрлық картография және қолданбалы геодезия зертханасының берері мол. Ол жергілікті экономиканы дамытуға қал-қадерінше ықпал етеді деген сенімдеміз.

Гүлзат
НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



Біз бұл мақаламыз-
да елімізге белгілі
ғалым, ұлағатты
ұстаз, филология
ғылымының докторы,
профессор
Смағұлова Гүлдархан
Нұрғазықызының 75
жылдық мерейтойы
тұсында ой қозғағалы
отырмыз.

Ғалым-ұстаз ұлағаты



Гүлдархан Нұрғазықызы 1968 жылы ҚазМУ-ға оқуға түсіп, 1973 жылы үздік дипломмен бітіріп шығады. Содан бері, міне, ғылыми және педагогикалық мектептердің игі дәстүрлерін ұстанған қасиетті білім ордасында елу жылдан астам уақыт табан аудармай еңбек етіп келеді.

Университет бітірген соң, жас маман тоқыраудың өліра кезеңіне тап келіп, бірден ғылымға келуге мүмкіндігі болмайды. Алайда ғылым деп соққан жүрегі тыныштық бермей алға жетелейді. Аз уақыттың ішінде ізденімпаздығы мен еңбекқорлығының арқасында ғылымдағы өз орнын ойып тұрып алады. Оның дәлелі – 1993 жылы кандидаттығын, 1999 жылы докторлық еңбегін қорғайды. Зерттеу тақырыбы – қазақ тілін басқа тілдерден, өзге ұлттардан ерекше бөліп көрсететін тұрақты қолданыста жүретін сөз маржандары, ұлт тілінің байлығы болып саналатын фразеология саласы.

1995 ж. доцент, 2001 ж. профессор атағын алады. Кафедра меңгерушісі, факультет деканы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы диссертациялық кеңестің орынбасары, ғалым хатшысы, мүшесі боп сайланады. Бірнеше мәрте ҚР БжҒМ жариялаған конкурстық жобаларға жетекшілік жасайды. 2007 жылы ҚР «ЖОО-ның үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанады.

Қабырғалы қазақ тіл білімінің өркендеуіне бар ғұмырын арнаған қайраткер тұлға, академик Әбдуали Қайдардың мектебінен шыққан ғалым ғылымдағы дәстүр жалғастығын, ұстаз бен шәкірт сыйластығын кейінгі бізге де үлгі етіп дарытты. Бүгінде фразеология саласы бойынша өзіндік мектебін қалыптастырды.

Фразеологизмдердің тұрақтылығы тікелей вариант ұғымына қатысты болғандықтан, оларды жалпы «варианттылық» және «инварианттылық» теориясы тұрғысынан алғаш қарастырып «Фразеологизмдердің варианттылығы» (1996) деген еңбегін жазса, кейін мағыналас тұрақты тіркестердің ұлт мәдениеті ерекшеліктерін танып-білудегі орнының орасан зор екенін «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» (1998, 2010) атты монографияларында жан-жақты тереңдете зерттейді.

Ғалымның мұндағы теориялық тұжырымдары кейін «Фразеологизмдердің семантикалық категориялары» (2009, 2017) атты еңбегінде жалғасын табады.

Қазақ фразеологиясының қазіргі даму бағыттарын антропоэзектік тұрғыдан қарастырған «Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» (2010) атты зерттеуінде бейнелі сөз оралымдарының когнитивтік-мәдениеттанымдық ерекшеліктерімен қоса, когнитивтік фразеологияның құрылымдары, оларды фреймдік талдау, дискурстық сипаты сөз етіліп, фразеологизмдердегі лингвоконцептология, этнолингвистика және ұлттық интеллект мәселесі талданды.

Сондай-ақ мәтінтанудың әлемдік мәселелері қозғалып жатқан тұста ғалымның алғашында «Мәтін лингвистикасы» (2002) еңбегі, кейіннен ол толықтырылып, өңделіп «Көркем мәтін лингвистикасы» (2010) деген атпен қайта жарық көреді.

Ғылымда сөздік жасау жұмысы аса ыждағаттылық пен үлкен төзімділікті қажет ететін азапты шаруа. Бұл бейнетті сөздік жасаушылар жақсы біледі. Бұл ретте профессор Г.Смағұлованың лексикографиялық еңбектері өз алдына талдауды қажет етеді. Ғалымның құрастырған атаулы бес сөздігі бар екені ғылыми ортада белгілі. Сол сөздіктер ішінде Г.Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдер сөздігін» (2002) де ерекше атап өткен жөн. Бұл қазақ фразеологизмдерінің тек мағыналас (3000-ға жуық) топтарын қамтыған алғашқы сөздік болып табылады.

Сондай-ақ профессордың Ресейдің М.К.Аммосов атындағы Солтүстік-шығыс федералды университеті мен Солтүстік-шығыс халықтарының тілі мен мәдениеті институтының ғалымдарымен бірігіп шығарған «Көп мағыналы фразеологиялық бірліктердің якутша-орысша және қазақша-орысша сөздігі» (2019) жарық көрді. Сөздіктің құрылымына көз жүгіртсек, қазақ

және якут тілдеріндегі фразеологизмдердің компоненттік құрылысы мен мазмұны жағынан аса бай екені байқалады.

Оның сыртында отандық және шетелдік басылымдарда жарық көрген 500-ден астам ғылыми-әдістемелік жарияланымдардың, бірнеше көмекші оқу құралдары мен типтік оқу бағдарламаларының авторы.

Ғылым да, ғалым да томаға-тұйық дами алмайды. Шетелдік байланыстардың негізінде 2008 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан да бірнеше ғалым ҚХР Орталық ұлттар университетінің (МинЗУ) шақыртуымен дәріс оқи бастайды. Екі университет арасындағы ғылыми байланыстың орнығуында да профессор Г.Смағұлованың үлесі зор. Ондағы еңбегіне орай, 2011 жылы қытай университеті тарапынан ғалымға МинЗУ-дың құрметті профессоры атағы берілді.

Білім-ғылым саласындағы ұзақ жылғы еңбегінің нәтижесінде түрлі марапаттарға да ие болды. Атап айтқанда А.Байтұрсынов атындағы «Саңлақ автор» (2010), Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Ерен еңбегі үшін» (2019), «Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» (2024), «Қорқыт ата» атындағы алтын медальмен (2024) марапатталды.

Ғалым-ұстаз еңбекқорлығы, жігерлілігі, табандылығы, тәуекелшілдігі, рухының мықтылығының арқасында қарапайым әйел болмысымен-ақ өз биігін бағындырды деп ойлаймыз. Әрине, бұл айтуға ғана оңай. Осы жетістіктерінің бәріне ол өзінің ақыл-парасаты, білім-білігі, маңдай тер еңбегімен жетті.

Алтынай ТЫМБОЛ,
филология ғылымының
докторы, профессор

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Алматы қаласындағы №10 жалпы білім беретін мектептің жоғары сынып оқушыларымен Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының оқытушылары «Ашық диалог» форматында кездесу өткізді. Іс-шараның тақырыбы – «Кәмелетке толмағандарды азаматтық-құқықтық қорғау».

Балалар өз құқығын білуі тиіс



Кәмелетке толмағандардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау заңнаманың түрлі салалары, соның ішінде өзіне тән салалық ерекшелігі, азаматтық сала арқылы реттеледі. Кездесуде оқушылар негізгі азаматтық құқық және оның міндеттерімен танысты.

Кәмелетке толмағандарға қатысты белгілі бір жас шектеулер бар. Он төрт жасқа толған адам толық көлемде әрекет қабілеттілігіне ие емес, тек ішінара. Мысалы, олар мәмілені өздері жасай алады, бірақ заңды өкілдерінің келісімімен. Сонымен бірге олар өз табысын, өзге де табысын және өздері құрған зияткерлік меншік құқығының объектілеріне өз бетінше билік етуге, сондай-ақ ұсақ тұрмыстық мәмілелер жасауға құқылы. 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар өзінің даму деңгейіне байланысты әрқашан өз әрекеттерінің маңызын түсіне және түсіндіре алмайды. Сондықтан олардың атынан мәмілені заңды өкілдері жасайды. Егер мәміле, мысалы, тұрғын үйдің иесі болып табылатын кәмелетке толмаған баланың мүддесін қозғайтын болса, онда қорғаншылық және қамқоршылық органының келісімі қажет. Кәмелетке толмағанның мүлктік құқықтары «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексіне де бекітілген. Он алты жасқа толмаған адам, егер ол еңбек шарты бойынша жұмыс істесе немесе оның заңды өкілінің келісімімен кәсіпкерлік қызметпен айналысса, кейбір жағдайларда толық қабілетті деп жариялануы мүмкін. Эмансипацияланған кәмелетке толмаған адам ҚР заңнамалық актілерінде жас шегі белгіленген құқық пен міндетті қоспағанда, барлық құқығы мен міндетіне ие.

Бүгінгі таңда мектептерде қорқыту кеңінен таралды. Ол балалардың үйден, мектептен қашуы мен суицидтің теріс статистикасымен байланысты болды. Оның негізгі себептерінің бірі – құрдастарымен оң қарым-қатынастың болмауына қатысты қорлау. ЮНЕСКО мәліметтері бойынша, бүкіл әлемдегі әрбір үшінші оқушы кем дегенде бір жыл бойы физика-

лық зорлық-зомбылыққа ұшырағанын айтады. Ай сайын әрбір үшінші оқушыны қорқытады. Бұл құбылыс тек оқу үлгеріміне ғана емес, сонымен қатар оқушылардың психикалық денсаулығына да қатты әсер етеді.

Кездесуде қорқыту жағдайлары анықталған кезде мектеп әкімшілігіне хабарлау қажет екені айтылды. Өзара түсіністік болмаған жағдайда полицияға немесе сотқа жүгіну керек. Осыған байланысты кәмелетке толмаған «агрессорды» қылмыстық жауапкершілікке ғана емес, сонымен бірге құқық бұзушылыққа байланысты туындауы мүмкін азаматтық жауапкершілікке де тартуға болады.

Кәмелетке толмаған құқық бұзушы сот шешімі бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартылады. Бұл дегеніміз – егер ол және оның заңды өкілдері жәбірленушіге келтірілген залалды өз еркімен өтеуден бас тартса, онда сотқа шағымдана алады. Азаматтық процесте бұлтартпау, ұстау шаралары және өзге де мәжбүрлеу шаралары көзделмеген. Зардап шеккен кәмелетке толмаған бала және оның заңды өкілі, егер мұндай мәліметтерді таратқан адам оның шындыққа сәйкес келетінін дәлелдемесе, сотта ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді теріске шығаруды талап етуге құқылы. Баласы 14 жасқа келгенше ата-аналар кәмелетке толмағандар үшін зиянды өтейтінін есте ұстаған жөн.

Жалпы, бұл іс-шара заң факультетінің оқытушыларымен жиі кездесуге ниет білдірген оқушылардың қызығушылығын тудырды. Айта кету керек, мұндай кездесулер заңға және оның орындалуына оң көзқарас қалыптастырады, оқушыларды жағдайды құқық пен мораль тұрғысынан талдауға ынталандырады. Құқықтық мәдениет деңгейінің көтерілуінен балалардың құқықтық санасы, демек, өзін-өзі тануы артады.

Саида АСАНОВА,
PhD докторы, доцент м.а.

Архат АБИКЕНОВ,
з.ғ.к., доцент

OUR GRADUATE



At the origins of the dual degree system

